

6 Чехов А.П. Избранные произведения в трех томах. - С. 91.
Т. 1 - М.: Художественная литература, 1970. - 608 с.

В статье автор теоретически актуализирует и активизирует такие узнаваемые понятия, как ритм времени, научные стандарты, правдивость и действительность, непосредственно влияющие на современную журналистскую науку и практику. Его мысли о доступных и элитарных текстах, мобилизационной природе действующей аналитической журналистики конкретно транслируют опыт известных отечественных и зарубежных репортеров и спойлеров. По его мнению, покровительница всех других дисциплин - журналистика, должна уметь мыслить и жить в любой обстановке - и в благоприятные, и в трудные времена.

The author theoretically updated and activates recognizable such things as a rhythm of time, academic standards, truthfulness and validity directly influencing the modern science and practice of journalism. His thoughts on the available texts and elite, the nature of the current mobilization of analytical journalism specifically translate and transmit the experience of well-known domestic and foreign reporters and spoilers. In his opinion, the patroness of all the other disciplines is journalism that should be able to think and live in any environment, in both good and difficult times.

С. Барлыбаева

Конвергентная журналистика в новом медиа развитии

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

УДК 070

Аннотация. Понятие «конвергентность» становится синонимом магистральных преобразований в медиа-сфере. Центральное место проблем конвергенции в современных дискуссиях о грядущих трансформациях информационно-коммуникационной сферы объясняется его многозначностью и многоплановым трактованием. Конвергенция представляется процессом, который в ближайшие десятилетия может полностью изменить не только системы средств массовой информации и коммуникации, но и различные, связанные с ними, индустрии. Интернет - информационная, интерактивная среда, для которой характерен особенный язык и специфический контент, к которому могут подключаться и проявлять себя разные СМИ. Это взаимовлияние и взаимопроникновение одних видов СМИ в другие и определяет мультимедийность современного медиа развития.

Конвергентность. Медиа. Интернет.

Современное общество является обществом безграничных возможностей. Оно развивается на основе современных систем коммуникаций и средств связи, оно способно накапливать и распространять важную научную, техническую, художественную и иную информацию. Эти достижения создают возможности для развития информационных сетей и интеграции в мировое информационное пространство.

Информация и знания становятся одним из стратегических ресурсов государства. Усиливающаяся роль этого фактора как средства ускорения темпов глобальной интеграции в экономике и инструмента воздействия на массовое сознание, культуру и международные отношения позволяет

говорить о возрастающей роли информационной индустрии, коммуникационной политики государства в развитии общества.

Новые информационно-коммуникационные технологии (ИКТ), стирающие границы времени и пространства, становятся главными «помощниками» процесса глобализации. А он, в свою очередь, меняет и традиционную экономику, и формы социальной активности, и менталитет, образ жизни, привычки людей. Процесс конвергенции различных сфер коммуникаций и информации усиливает состояние перехода на новый уровень развития стран.

Информационно-технологическая революция активизировала внедрение и развитие глобальных

шеңберінен сыртта қалады. Ал бұған не дейсіздер, әріптестер?

Сондықтан, **бесіншіден**, қызмет саласында бір-бірімізге қиянат жасамауымыз қажет, адамды және қызметкерді тек қана кәсіби шеберлігі мен адамгершілік қасиетіне сай бағалай білуіміз қажет.

Ал енді төмендегі қызметкер кейде бір жаңашыл болып, жаңа бастама жасап жатса, газет-журналдарда жақсы ойлары жарияланып жатса оған қызғанышпен қарайтын адамдар тобы пайда бола бастайды. Міне, осы кезеңде басшылар әділ бағасын беріп, дұрыс бағдар жасай білсе, ол кадрлардың бағы дер кезінде ашылар еді. Өкінішке орай, субъективтік жағдайлар басым болып жатады.

Соңғы 15-20 жылдың ішінде тәжірибелі тергеушілерімізді жоғалтып алдық, оның бір себебі бұрынғы жылдары елімізде Мемлекеттік тергеу комитеттері құрылып, республикадағы білікті мамандар сонда ауысты, нәтижесінде 2 жылдан кейін өз жұмыстарын сәтсіз аяқтады, осылайша, кәсіби мамандар шоғырланған тергеушілер корпусы шашырап кетті, олардың берекесін қашырдық. Осынау өмірдің өзі көр-сеткен тәжірибеден сабақ алып, аттестаттау кезінде білікті де тәжірибелі мамандарды сақтап қалуды бірінші кезекте ескеруіміз қажет. Бұған, бір жағынан, прокуратурадан тергеуді алып тастағандығы да әсер етіп жатыр. Қазіргі таңда прокуратураға тергеу амалдарын жүргізуге қайтадан құқық беріп отыр. Сондықтан элем данышпандары айтпақшы «кез келген нәрсені қирату оңай, ал қалпына келтіру қиын».

Аттестаттауды өткізу ережесіне сәйкес аттестаттау комиссиялары құрылады, комиссияның құрамына Президент Әкімдігінің, Үкіметтің, жұртшылықтың, партиялардың, БАҚ өкілдерінің кіруі де құптарлық іс. Бұл бағыттағы тексерістен өткен адамдар туралы жұртшылық пікірін білу үшін Президенттің ресми сайтында арнайы айдардың ашылуы да бұл бастаманың жария түрде әрі ашық пішінде өтетініне кепілдік береді деп ойлаймыз.

Алтыншыдан, бүгінгі күнде еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары осынау аттестаттау жұмыстарының әділдігіне өткізілуі бағытында жұмыла еңбек етулері қажет деп есептеймін, яғни олар құқық саласында ел мүддесі үшін адал қызмет етіп жүрген азаматтарды кеңінен насихаттап, олардың ізгі істерін өз әріптестеріне үлгі ретінде ұсынып отырулары қажет. Бір сөзбен айтқанда, мемлекет мүддесі үшін еңбек ететін құқық саласы қызметкерлерінің жұртшылық алдындағы беделін көтеру ісіне барлығымыз ат салысуымыз керек.

Аттестацияны өткізудегі басты мақсат - барлық мамандарды жаппай құлату емес, керісінше, олардың білмегендерін білуге ұмтылдырып, жұмысқа деген құлшыныстарын арттыру. Өйткені барымызды бағалай білмесек, кім бізге жақсы маманын берер дейсіз. Сондықтан бұл тексерісті үлкен жауапкершілікпен өткізу қажет деп білеміз.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері бұл еліміздегі тәртіптің кепілі, бұл салада білімді, мәдениетті, көпшіл, халыққа қамқор, қиындыққа шыдамды, темірдей тәртіпке төзе білетін, халық сақшысы болуы қажет.

Автор статьи подчеркивает важность проведения переаттестации личного состава правоохранительных органов, так как это позволит новому качественному росту кадров правоохранительной системы. Отечественные СМИ должны активнее поддерживать идею Президента РК Н.А. Назарбаева в реформировании правоохранительной системы и писать о тех, кто честно служить Родине и отстаивает интересы народа.

The author of article emphasizes importance of carrying out certification of staff of law enforcement agencies as it will allow new high-quality growth of shots of law-enforcement system. Domestic mass media should support more actively idea of the President of RK of N.A. Nazarbayev in reforming of law-enforcement system and write about those who honest to serve the Homeland and defends interests of the people.

К. Қамзин

Журналистиканың басты кейіпкері - шындық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

УДК 002.2

Аңдатпа. Автор өз мақаласында қазіргі журналистика ғылымы мен практикасына әсер етіп келе жатқан уақыт ырғағы, ғылыми стандарттар, шыншылдық, өмір шындығы сияқты бұрыннан белгілі ұғымдарды теориялық жағынан зәрулендіре, бедерлендіре түседі. Оның баршаға түсінікті және элитарлық мәтіндер, қолданыстағы талдамалы журналистиканың жұмылдырушы табиғаты туралы ойлары танымал отандық және шетелдік репортёрлер мен

спойлерлердің тәжірибелерін сөйлетеді, ортаға салады. Оның ойынша, барлық басқа пәндерді жебеуші - журналистика кез келген жағдайда - жайлы да, жайсыз уақытта да жүрісінен жаңылмауы керек.

Журналистика ғылымы мен практикасы.

Адам баласы - расын айтсақ, Жаратушының сателлиттік моделі, тиісті планетаға жолдаған инновациялық жобасы. Сол жаңашыл жанның басты мақсаты - ақпарат арқылы толысу, сарапта-ма арқылы әлемді тану, құбылысты көркем көзбен көру, оқиға образын сан призмалы айнаға түсіру, сөйтіп, Жер бетіндегі өзінің жасампаздық миссиясын атқару. Демек, журналистика пәні адам жаратылысымен егіз, оның анатомиясы және физиологиясымен ағайындас, болмыс-бітімімен сәйкес. Баспасөздің, жеке қаламгердің отбасы, ошақ қасы түйткілдерінен бастап, ғаламдық проблемаларды тілге тиек етуі - сол рухани өкілеттілікті жүзеге асыруы. Сол себептен де журналистиканың басты кейіпкері - Шындық. Шындық категориясының реалистік сипатын ашу - индивидтің басты па-рызы. Ұлы Абай:

Ұқпассың, үстірт қарап бұлғактасаң, Суретін көре алмассың, көп бақпасаң, Көлеңкесі түседі көкейіңе,
Әр сөзін бір ойланып салмактасаң, -

деп шындыққа жетудің технологиясын да, оның индивид санасына трансформациялануын да аңғартып кеткен [1, 69].

Гүржілердің атақты философы М.К. Мамардашвилидің: «человек - это не вещь, не статичное состояние, а событие, состоящее из совокупности событий: таких, как человеческая любовь, вера, честность, мысль и т.д. У Платона есть странная формула: человек не то и не то, человек-символ (через дефис!)», - деп ой түюі де адамның аумалы-төкпелі іс-әрекетінің әділдікке, ақиқат іздеуге негізделетініне меңзеу емес пе? [2, 3]. Әділдік категориясы, қай жағынан қарасақ та, журналистика пәнімен ынтымақтас. Әділет пен әділдікті қоғамға, әлеуметке абсолютті ой-сана тікелей трансляцияламайды, оларды адам-пенде (сөз арасына дефис қойылады!), модератор арқылы үлестіреді. Әрине, Хактың жүгін, Құдайдың күзіретін адам алып жүре алмайды, оған ұмтылудың да қажеті жоқ. Солай десек те, ұшан-теңіз толқымалы тіршілік айналасындағы барлық дау-дамай, қақтығыс-соқтығыс атау-лы осы әлін білмеген әлектен, тұлға рөлін асы-ра бағалаудан туындайды. Ал адам табиғатына жақын ежелгі үйлесімділік концепциясының бізге жетілуді, ұдайы әділдік іздеуді, шындыққа жүгінуді бұйыратыны да

сондықтан. Саналы жанның маңдайына жазылған осынау харекеттің тылсымын талай-талай оқымыстылар мен көрегендер тұс-тұстан түсіндірмелеуден ешқашан жалыққан емес, ал қазақ журналисти-касы мен көсемсөзі сонау бағзыдан бері байып-ты да барлай саралаудан ешуақыт бас тартқан емес.

Соған қарамастан қазіргі журналистиканың беделді теоретиктері мен практиктерінің заманалы масс-медиаға көңілдерінің толмауына, баспасөз өмір шындығын бейнелеуде әлсін-әлі үстірт кетеді, көбігін ғана қалқып өтеді де-ген пікірді қадай айтуына не себеп? Оның гәбі, әрине, әлденеше. Менің пайымдауымша, ең ал-дымен, көңілі жүйрік адамның ғылыми білімінің ғаламдық үдерістерді тануға шама-шарқының жетпей жатуы. Одан кейін атап көрсетерім, қабілет пен дарынды жаратылыс қана бере ала-ды. Бұрындары ақпарат құралдары сияқты өткір де нәзік салада қызмет атқаруға бетке шығар қаймақ, элита ғана тартылса, тап қазір ықылас білдіргеннің бәрі іс жүзінде журналистиканың киелі табалдырығынан именбей аттай беруге хақы алды. Бұл - үшіншіден. Соның салдары - осы күндері Қазақстан ақпараты айналасы-на журналистиканың элеуметтік рөлін жыға танымайтындар қаптап кетті. Олар журналис-тиканы тек күнкөріс көзі, елге танылу құралы деп қана ұғады. Одан былай, журналистердің ұзын санына кіріп жүргендердің денінің кәсіби дайындығы да ешбір сын көтермейді. Ұлттық журналистиканың ашып айту кеңістігінде көш-тен қалуына, қоғамдағы беделінің төмендеуіне, оның шынайы «төртінші билік» атана алмауына тікелей себепші болып жүргендердің бірі - міне, солар. Сондықтан кәсіби білім беру, шеберлікті шыңдау, сауаттылықты арттыру, мамандыққа баулу тек журналистика факультеттері мен бөлімдерінде жүзеге асырылуы тиіс. Қоғамдық сөз өнеріне таласы бар үміткерлер эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті жанынан ашылып жатқан білім мен біліктілікті жоғарылату институты бағдарламасы бойынша арнайы кәсіби курстар-дан өткендері жөн. Салалық мамандықты модернизациялау бір міндетінің өзі - осы. Мен осы ретте мынаны атап көрсетер едім: модернизация дегеніміз - ол тек экономикалық-технологиялық даму емес, ол - рухани өзгеріс, білім мен ғылым, өнер мен көркем әдебиет арқылы жанның, көңіл-

күйдің жаңаруы мен тазаруы. Бұл ара-да осынау белестерден тек сонылыққа құлаш ұрған бакалаврлар мен магистранттар, PhD докторанттар контингенті ғана көрінуі керек деген үстірт байлам тумауы керек, мұндай сын-дарлы талап әуелі журналистика факультетінде дәріс беруші тәжірибелі ұстаздар мен шетел-ден шақыртылған оқытушыларға қойылғаны әбден заңды. Жаңашылдық пен ұлттық пайым-парасаттың жасампаздық қорытпасы дегеніміз, міне, осыдан келіп шығады. Бұл тарихилыққа да, осы мезет ырғағына да, болашақ ұмтылыстарға да қайшы келмейді. Өйткені тарихпен татулық бүгінгі күнмен табыстырады, ал бүгінгі күннің сәулесі ертеңгі күннің ажарын аңғаруға, болашақ процестерді игеруге септігін тигізеді.

Осы мәселелер төңірегінен ой өрбітсек, бүгінгі қазақ журналистикасы ғылымының ал-дынан әлі де талай-талай ұлы асулар шығары ықтимал. Шындықтың басын о бастан ашып кетсек, тіркеу-тізімдеуді ғана місе тұтатын ғылымның болашағы бұлдыр. Бұл талап, сөз жоқ, журналистикатану проблемасына да қа-тысты. Жаңа идея, соны бағыт, өзіндік жол ұсынбаған сала - өлі сала. Біздің кейбір прак-тикер, әр жердегі әуесқой курстарда сабақ берушілердің бірқатары айтып жүргеніндей, фактілерді констатациялау нағыз әділ журналистика, қара қылды қақ жарар замана-лы журналистика емес. Тек жалаң фактілерді мәтіндеп қойып, қарап отыруды объективтілік деп түсінуге болмайды. Журналист информа-цияны іріктеу, сұрыптау арқылы да элеуметтік, информациялық қарым-қатынасқа түседі, коммуникация орбитасына тартылады, азаматтық ұстанымын білдіреді. Осыны есте ұмытпаған жөн. Оның үстіне бұрынғы, қазіргі сан сегментті аудиторияны оқиғалар мен құбылыстарды құрғақ констатациялау қанағаттандыра ала ма?

Әлбетте, қанағаттандыра алмайды. Меніңше, **адамның білсем, көрсем, байыбына барсам деген өз санасына, психологиясына сай** талда-малы журналистика өмір шындығын танудың ерекше құрамдас бөлігі болып қала береді. Яғни талдамадан шынайы таным туындайды. Кеше де солай болған, бүгін де солай, ертең де солай болмақ.

Журналистиканың осы талдамалы әдісі ғана аудиторияға болған оқиға себебінің бүкіл тізбегін, оның даму келешегін (перспектива-сын), оның адам мен элем үшін құндылығының қандай екенін аңдата алады. Аналитик-қаламгер проблема түйінін

шешудің нендей мүмкіндіктері бар, неге дәл солай әрекет ету керек сияқты сауалдарға жауап іздейді.

Сонымен қатар оқырманды да ойландыруға итермелейді, оған пайым кеңістігінде өз пікірін автор пікірімен ойша салыстыруға, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осы арада басын ашып алар бір жайт: аналитик-журналист санына ілігу үшін қазіргідей интернеттен оқиға сүзу, офистен ұзамай ойболжаммен (созерцание) айналысу, қиялмен шартарапты кезіп кету мүлде жеткіліксіз, аса шебер сараптамашы журналист атағын алу үшін нақты практикамен, күнделікті өмір шындығымен бетпе-бет келген жөн, сөйтіп, аса бай элеуметтік тәжірибе жинақтаған абзал. Осы орайда,

Иммануил Канттың басшылыққа алар мына гносологиялық позициясын еске са-лып кеткен еш артықтық етпейді: тәжірибе -индивидуум түйсігінің сыртқы эсерді өңдеуі ғана. Тәжірибе кезінде адам табиғатпен же-ке-дара беттеседі, ол өзінің табиғи қабілетінің арқасында ғана қоршаған элем туралы түрлі-түрлі пікір айта алады. Адам - таным субъекті -өз тәжірибесі арқылы жекелеген құбылыстардың санқырлы дүниесін пайымдайды, ал мұндай «пайымдық» тәжірибе адамның танымдық қа-білетін шиыршық атқызады.

Байқасаңыздар, біз осы мақалада «сарапта-ма», «талдамалы», «талдау» деген терминдерді әлсін-әлсін іске қосып отырмыз, ал олардың арғы жағында «зерттеу» деген үлкен ұғымның басы қылтияды. Осы жекжаттықты, шындық іздеу тәсілін еске ала отырып, біз бір жағынан, журналистика теориясы мен тәжірибесінде бұрыннан пайдаланылып келе жатқан «талдамалы журналистика», «журналист сараптамасы», «талдама-лы мәтін» сөз тіркестерінің дәстүрлі сынының бұзылмағанын қалар едік. Екінші жағынан, А. Эйнштейннің салыстырымдылық қисынын еске ала отырып, өмірді тану тәсілдеріне қарап, журналистиканың бұл түрін хабарлама, деректі-көркем публицистика тарамдарынан ажыратуға, жыға тануға мүмкіндік аламыз.

Осы тезиске қарайлай отырып, біз ақпарат (са-лыстырымды түрдегі жаңалық) журналистикасы немесе «алғы шептегі» журналистика туралы сөз қозғағанда, оның өзіндік ерекшелігі ретінде, ең алдымен, жаңа оқиғалар туралы жедел, қысқа да нұсқа хабарлама жасауын баса көрсетеміз. Хабарламашы-журналист, бейнелеп айтқанда, оқиға қан тамырының соғысын қалт жібермейді. Бәсекелестік райын еске алатын болсақ, ол оқиға

мәнісін әріптестерінен бұрын білуге ұмтылады, оны аудиторияға бұрын жеткізуге тырысады. Хроникашының, репортёрдың, ньюсмейкердің шынайы шеберлігі осы жағынан байқалады. Осы ретте Израиль ғалымы Даниел Шехтманға квазикристалдар туралы жаңалығы үшін Нобель сыйлығы берілгені туралы хабарламаны Ресейдің «Вести» бағдарламасы басқалардан оза жеткізгенін атап айтар едік [3].

Талдамалы журналистика немесе «екінші белдеудегі» журналистика - ол сапалы элеуметтік сөздің нағыз өзі, көз алдымыздан өтіп жатқан үдеріс кадрларын ұтымды монтаждау. Олай десек, аналитикалық жарияланым дайындайтын қаламгерге ақпаратшы-журналист қасиеті аздық етеді. Сондықтан кейбір шетел ақпарат құралдарында репортёр мен комментатор қыз-метінің ара-жігі ажыратылған, еңбек бөлінісі айқындалған. Репортёрге (хабарламашы-жур-налистке) тек қана фактілерді іздеп тауып, редакцияға жеткізу жүктеледі. Ал оларға трактовка, интерпретация жасау комментаторларға, сол саланы бес саусағындай білетін арнаулы дайындығы бар сараптамашы-журналистке (экономика, саясат, заңнама, әдебиет, мәдениет, өнер және спорт салаларын жақсы білетін адамға) тапсырылады. Я болмаса бұл іске ғалымдар, белгілі бір салада жұмыс жасап жүрген практик-мамандар тартылады.

Осы өнегені ілгерілетсе түссек, біз сараптамашының өзіндік ойлау жүйесі қалыптас-қанын қалар едік. Ол көз көргенін дәл түсіріп, хаттап қана қоймайды, оның сонымен қабат қатпар мен астарды, жеті қаттың астындағыны да көзі шалуы керек. Яғни эртүрлі латентті құбылыстар арасындағы байланысты, олардың себептерін, мән-маңызын, даму жолын аңдай алғаны жөн. Осындайда журналистің «жалпы ойлау» қабілетіне қоса өзі сөз етер пәні туралы арнаулы білімі болса тіпті жақсы. Сондықтан қазіргі журналистика, аналитик-журналист ал-дында басқа мамандықты игеру, басқа салада арнаулы білім алу проблемасы тұр. Бұл бағытта біздің университеттің білім беру кеңістігінде баянды да өнімді жұмыс әлдеқашан басталып та кетті. Журналистика факультетін тамамдаған шәкірттердің алды қосымша экономист, заңгер, ауыл шаруашылығы мамандықтарын меңгерді, сол салалардың дипломдарын алып шықты. Тіпті география факультетінің магистратура-

сын бітірген журналист-шәкіртіміздің экология саласындағы еңбегінің өзі бір төбе.

Талдамалы журналистика - қазақ журналистикасының өзіндік дәстүрі мен соқпағы бар ең бір екпінді, элеуетті саласы. Осы бағыт ту-ралы кезінде профессорлар Т.С. Амандосов [4], Т.Қ. Қожакеев [5] өз еңбектерінде оның жанрлық табиғаты хақындағы оқу құралдарында бірсыпыра сөз қозғаған. Аға буын, ұстаз ғалым-дардың сол шығармаларына, шетел зерттеу-шілерінің ізденістеріне сүйене келіп, біз қазіргі журналистика талдамасының, оның ішінде тал-дамалы журналистиканың мынадай процестік мақсаттарын атап көрсетер едік:

1. Уақыт пен кеңістік аясында болып жатқан құбылыстар арасындағы **себеп-салдарлық байланысты** анықтау.

2. Талдамалы мәтіндерде сарапталған **оқиғалардың**, құбылыстардың, әрекеттердің жеке адам, қоғам, элеуметтік топтар үшін **маңыз-дылығын** ашып көрсету.

3. Зерттелініп отырған құбылыстың келешектегі жай-күйін модельдеу, оның қайда апа-рып соғатынына (салдарына) **болжам** жасау.

4. Талдап отырған құбылыстарға орай жүзеге асырылатын әрекеттердің **бағдарламасын** (жоспарын, балама нұсқаларын) жасау.

Міне, осындай жүйелі талдау барысын-да белгілі бір дәрежеде ақиқат айқындала түседі, тепе-теңдік шарты жүзеге асады. Әсілі, қазақ талдамалы журналистикасы тарихына, оның оқиғаны әліптеу мәдениетіне, фактілерді образға айналдыру эстетикасына тепе-теңдік принципі ежелден сіңісті. Оның басты белгісі - сөз жарыстыру ережелері бақ сынасатын екі жаққа бірдей. Әлімсақтан жол салған, әбден қалыптасқан ұлттық дәстүр десе де болады. Ол қазақ ауыз әдебиетінен, мақал-мәтелдерден, айтыс өнерінен бастау алып жатыр. Кешелі-бүгінгі айтыс - онлайн режиміндегі әрі көркем, әрі информациялық, әрі психологиялық сай-ыс. Ал тұрлаулы сайыс - экономикалық, саяси-элеуметтік, рухани тіршілік хақында дұрысын айтудың, ашып айтудың бірден-бір тәсілі. Қазіргі электронды форматтағы тікелей эфир мен onlien бағдарламалары сол рас шығармашылықтың өркенін өсіріп отыр. Мәселен, Қырғыз мемлекеті Президенті қызметінен үміткерлердің қырғыз тілінен сынақ тапсырып жатқаны тікелей эфир-де онлайн режимінде таратылғаны өз елінде де, көрші елдерде де ілтипатпен қабыл алын-ды. Рас, оқиға мен резонанстың табиғаты бір-дей емес, резонанс еш

уақытта оқиғаның дәл өзіндей бұлықсып шықпайды. Ол түпнұсқадан кем болуы мүмкін, кейде одан асып түсуі кәдік. Және белгілі бір оқиғаның әсері әр елге, әр нәсілге бірдей дей алмаймыз. Резонанс - жаратылыстың, шындықтың жаңғырығы ғана. Қазақ халқының ауызекі философиясы осы физикалық, информациялық құбылыс хақында: «Ат аунаған жерде түк қалады, түйе аунаған жерде жүк қалады», «Жылы-жылы сөйлесең жы-лан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесең кәпір дінінен шығады», - деп элекашан түйін түйіп кеткен. Бұл тұжырымның мән-маңызында, тара-лу кеңістігінде, біздіңше, эмбебаптық сипат бар.

Мысалы, 2011 жылдың 9 тамызында Иран Ислам Республикасының Президенті Махмуд Ахмадинежадтың Euronews тілшісі Джон Дэвиске берген эксклюзив сұхбатын аталмыш арна сағат сайын қайталап беріп отырды. Неге? Өйткені парсы жұртының басшысы Батыс экс-пансиясы, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін орнаған әлемдік тәртіп жүйесі туралы тек өзіне ғана жарасар ойларын ортаға салды. Қызықты да тартымды жауаптасуға әлем назары ауды. Дәл сондай сыр аштырар сауалдарды біздің тілшілер де кез келген қайраткерге қоя алатынына менің еш шүбәм жоқ. Бұл жердегі мәселе көңілдегі көрікті ойды жүзеге асыра алу шеберлігі мен асырта алу тетігінде ғой. Құдайға шүкір, біздің өзімізде де бөтеннің саясаты мен пікірін сканерлемейтін Джульетто Кьеца сияқты батыл да шебер шолушыларымыз, колумнистеріміз, спойлерлерлеріміз бар.

Ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейтудің нақты да пәрменді өнегесін, өжет ойды іске асы-ра алудың азаматтық үлгісін күні кеше өзіміз тәрбиелеген шәкірттеріміз Самал Мейрам-қызы мен Назым Дәуітәліқызының «Тіл сақ-шысы» атты телебағдарламасы көрсетіп келеді. Сол бағдарламалар легінен кейін қазақ журналистикасының адамзат мәдениетімен, ұлт өркениетімен замандас екендігі туралы өз ойымды онан сайын бекемдей түстім. Менің түсінігімде, журналистика кунсткамерада сақ-талатын экспонат емес, ол фэнтезиден де алшақ жатыр. Журналистика болашақ олигархтар мен банкирлерді тәрбиелемейді, оның жолы басқа. Ол, ең алдымен, отансүйгіштерді, ұлттық идеяны қадірлеушілерді әлпештейді. Халқымыздың сым-баты бұзылмаған көсемсөзі,

асыра бағалағандық емес, тәрбиелеушілерді тәрбиелейді.

Жаратылыстану, техникалық ғылымда ізделінетін шындық жалқы, қойылған сұраққа да жауап көбінесе біреу әрі нақты. Журналистика, көркем әдебиет пен өнерде шындық реңі сан түрлі, әлденешеу. Үшеуіндегі басты өлшем -талғам, ал техникалық салада - нақтылық пен дәлдік. Жоғарғы математиканың, теориялық физиканың іргелі ұстанымдары өзгермейді. Есеп шығарудың классикалық амалдары да сол баяғы қалпында. Олар қалай көтермелесеңіз де, ұлттық сана қалыптастырмайды. Журналистика - халық түсінігін өсіретін әрі деректі, әрі көркем шығармашылық. Оны цифрлық ғылымдардың үйреншікті схемасы мен стандарттарына салып оқытуға болмайды. Тағы да неміс философының беделіне жүгінсек, біздің әлем туралы біліміміз өмір шындығын селқос бейнелеу емес, ол - түйсіктің белсенді шығармашылық қызметі. Сондықтан журналистика пәндерін универси-тетте оқытудың жаңа бағдарламасын, ұлттық программасын журналистика қисынгерлері мен практиктері келісе отырып жасауы керек.

Осы күні әліпті таяқ деп тани алатындарға, ақ кірпіктен басқа сәні жоқтарға тізгін ұста-татын өткен ғасырдың 30-40 жылдары емес. Қазірдің өзінде борлатқа леп мөрлеуден басқаға сауаты жетпейтін міскіндердің ұйымдаса, ұран-даса, қаптай шапқанына куә болып отырмыз. Ондайларға қай заманда да өз жүрісінен жаңыл-майтын шыншыл журналистика не қайран ете алады, тек А.П. Чеховтың «Шағым кітабындағы» соңғы сөзінен асып жығылғаннан басқа [6, 91].

Әдебиеттер:

- 1 Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. - 1961, 694-б. - 69 б.
- 2 Мамардашвили М.К. О философии // Вопросы философии, 1991, №5. - С. 3.
- 3 Вести. - 2011. октябрь -05.
- 4 Амандосов Т. С. Қазақ совет баспасөзінің жанрлары. - Алматы: Мектеп, 1968. - 244 б.
- 5 Қожаскеев Т.Қ. Таңдамалы шығармалар. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. -ҮІІ т. 346 б.